

№20 «Дидар» балабақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
отырысының

№ 2 хаттамасы

22 қараша 2023 ж

Қатысқандар: Меңгеруші: Туребаева Д.Т.

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптарын сақтау
2. Педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика
3. Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы

Күн тәртібінде **бірінші мәселе бойынша** педагогикалық әдеп кеңес мүшесі әдістемелік кабинет бөлімінің әдіскері Гульнара Урналиевна тыңдалды:

Ұстаздар қандай кезде де, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстанғаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген ұстаздарды кездесіп қалып жатамыз. Сондай кезде бірден ескертулер жасалып, тиісті шаралар қоладануы тиіспіз. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын балалардың, әріптестердің және ата-ананың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге және қарым-қатынас жасауда ол да өнегелі болуы тиіс.

Екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика туралы тәрбиеші Елена Анатольевна тыңдалды:

Педагогикалық сөйлеу мәдениетін сақтана отырып, педагогикалық әдепті үнемі сақтап жүруі керек. Әдепті сақтай отыра балаларға, жан-жағындағы қоршаған ортаға үлгі болары анық. Егер ұстаз өзі оқытатын балалармен тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзі-өзі дамытуға және өзінің –өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына

шығармашылықпен және де креативтік идеялармен жұмыстанса ,сонда ғана олар ұстаздарын еске сақтап,бағалап құрметтейді.

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы туралы зейнет жасындағы педагог Бибигуль Кыдыралиевна тыңдалды:

«Ұстазға керегі тек білім ғана емес,сондай-ақ сөйлеу шеберлігі ,яғни кәсібилік,біліктілік,білімділікпен қатар ,сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі ,кәсіби шешендік », -деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмы барысындағы сөйлеудің,жай ғана сөйлеу емес,шбер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түсу.Сөйлеу мәдениетін игеру —болашақ педагог мамандардың кәсіби құзіреттілігі.Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алмасу,түсінісу,сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру,дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды.Осындай құзіреттілік меңгерту-болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.Педагогикалық әдептің ерекшіліктері;ұстаздың кәсіби мінез-құлығындағы,іс-әрекетіндегі өлшем,ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді ,түрлерді,тәсілдерді таңдау өлшемі болып табылады. Әдептілік педагогтің мінез-құлығындағы ерекшілікке айналу керек деп ойлаймын.Осылайша ,педагоггикалық әдепті үнемі қамтамасыз ету арқылы ,педагог өз мәртебесін сай бола алады.

Кеңес шешімі:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:



Муханбеткалиева Б.К.

Хатшы:



Атагалиева Н.Ж.